



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЈА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА АТА ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ

Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты өрi тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болды. Конституцияның 77 бабы өзгеріске ұшыраған. Нәтижесінде қазіргі қолданыстағы Ата Заң 9 бөлім, 99 баптан тұратын болса, оның жаңа жобасында 11 бөлім, 95 бап бар. Құжатта бөлім саны артқанымен, бап санының азаюына Мәжіліс пен Сенаттан тұратын парламенттің орнына бір палаталы құрылтайды енгізуге байланысты баптардың, сондай-ақ қорытынды ережелер баптарының қысқаруы негіз болды.



ынтымақтастық, ұлтаралық және дi-наралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді. Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция денгейінде бекітілген. Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген.

Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс. Тағы бір маңызды мағыналық бағыт

— цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді.

Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі — адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Прембулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған. Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады. Неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға және әйелдердің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.



↓ 3-бет

«АЗАРТНЕТ»: ЖАСТАРДЫҢ САНАЛЫ ТАҢДАУЫ – ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



↓ 4-бет

«ЫРЫС» – ДОСТАТОК И БЛАГОПОЛУЧИЕ



↓ 5-бет

ГАЗ СТАЛ ДОСТУПЕН И В СЕЛАХ



↓ 7-бет

КТО ПРЕДУПРЕЖДЕН, ТОТ ВООРУЖЕН

**Мұқағали
мұрасы –
ұлт рухының
мәңгілік
жыры**

→ стр. 2

БАСПАСӨЗ – 2026

**«ALATAU ZHULDYZY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ ДА,
МАҚАЛАҢЫЗДЫ ТЕГІН ШЫҒАРЫҢЫЗ!**

Құрметті оқырман!
«ALATAU ZHULDYZY» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр.
Осы айдан бастап газетке жазылушылар үшін керемет мүмкіндік.
Бір жылға жазылған оқырман газетке жақындарын туған күн немесе басқа да қуаныштарымен құттықтап, тілегін тегін жеткізе алады.

индекс 65540	индекс 15540
Талғар ауданы тұрғындары үшін	Мекемелер мен ұйымдар үшін
3 айға жазылу бағасы – 1716,98 теңге	3 айға жазылу бағасы – 1975,48 теңге
6 айға жазылу бағасы – 3433,96 теңге	6 айға жазылу бағасы – 3950,96 теңге
12 айға жазылу бағасы – 6867,92 теңге	12 айға жазылу бағасы – 7901,92 теңге.

**ГАЗЕТКЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАЗПОШТА БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛА АЛАСЫЗДАР!**